

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚҰҚЫҚ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
МӘЖІЛІСІНІҢ № 1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

12.10. 2022 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – PhD, Шалхаров Е., АК мүшесі, з.ғ.к., академиялық персонал – Паридинова А., Тұрлыбеков Қ., Қожамбеков Д., АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Мақұлбаев Ж., Жанбырбаева А., АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Нұрбосынқызы Л., Әдешова А., Сатыбалды Д.

Күн тәртібі:

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу: -әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру; -түлектер моделін әзірлеуге қатысу
4. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Шалхаров Е. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу, Университет түлектерінің моделін әзірлеу, Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстар.

Сөз кезегін АК мүшелері, академиялық персонал, Паридинова А., Қожамбеков Д алды: АК жұмысы ұйымдастырылып «Құқық» даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, айта кетейік Түркістан облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы Ж.Т.Мақұлбаев, Түркістан қалалық сотының төрағасы А.Жаңбырбаевалармен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ж.Т.Мақұлбаев.

Қазіргі таңда жас мамандарды құқық қорғау қызметтеріне дайындау, жоғары деңгейді жауапкершілік, жастар арасында қоғамдық дамудың жалпы заңдарын, ішкі және сыртқы факторлардың, олардың компоненттерінің өзара іс-қимылын, жұмыс істеуін, дамуын, негізгі процестерді білу, отбасылық және жастар мәселелермен жұмыс істей білу, алынған ақпаратты синтездей және талдай білу, Ақпараттық технологиялар саласында білімі мен іскерлігі, дербес компьютер мен ақпараттық технологиялар, Деректер базалары мүмкіндіктерін пайдалану, ақпаратты көрнекі түрде- зерттеулердің нәтижелерін ұсыну жұмыстарымен үйрету бұл дағдыларды қалыптастыру керекпіз.

АК мүшесі, академиялық персонал, Паридинова А., Қожамбеков Д.


Пікірлеріңізге толық қосыламын. Ал Университет түлектерінің моделін әзірлеу жұмыстарына келетін болсақ. Өзіміздің түлектер қауымдастығы бар, қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ендігі жерде сайттарға қою мәселесімен айналысу керекпіз.

АК төрағасы Шалхаров Е. Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасак барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім:

Құқық даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Шалхаров Е.

Хатшысы:



Қожамбеков Д.